

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің
2020 жылғы _____
№ _____ бұйрығымен
бекітілген

«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың есептік жазбасы туралы үзінді беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың есептік жазбасы туралы үзінді беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың есептік жазбасы туралы үзінді беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) – тұрғын үй құрылысындағы үлестік қатысу саласында басқаруды, сондай-ақ өз құзыреті шегінде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) уәкілетті компания – дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы құрылыс салушыға тиесілі, көппәтерлі тұрғын үйдің үлестік құрылысын және көппәтерлі тұрғын үйдегі үлестерді өткізуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, арнайы экономикалық аймақтардағы қызметті қоспағанда, қандай да бір өзге коммерциялық қызметпен айналысуға құқығы жоқ заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы);

3) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысудың бірыңғай ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – Жүйе) – тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттарды жүйелендіру мен есепке алуға және олар бойынша талап ету құқықтарын басқаға беру туралы мәліметтерге арналған ақпараттық жүйе;

4) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттарды есепке алу – уәкілетті компанияның ұсынуы бойынша тұрғын үй (тұрғын ғимарат) орналасқан жері бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары жүйеге келтірген, мерзімді толықтыратын және нақтылайтын үлескер және оған тиесілі үлес туралы мәліметтердің, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы және олар бойынша талап ету құқықтарын басқаға беру туралы шарттардың тізбесі.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары көрсетеді.

4. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы мемлекеттік қызметі көрсету үшін қажетті құжаттардың мынадай тізбесін ұсынады:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шартты/шартқа(-тарға) өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу туралы қосымша келісімді/талап ету құқықтарын басқаға беру туралы шартты есепке қою/шартты есептен шығару туралы өтініш;

2) Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қорымен тұрғын үй құрылысына кепілдік беру туралы шарттың немесе жергілікті атқарушы органның үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру туралы шешімінің электрондық көшірмесі;

3) Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың, Шартқа қосымша келісімнің (ол болған жағдайда) электрондық көшірмесі.

Портал арқылы өтініш жасаған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, хабарлама жіберіледі.

5. Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш пен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады.

6. Көрсетілетін қызметті беруші өтінішті және ұсынылған құжаттарды тіркеген сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде олардың толықтығын тексереді, көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту дайындайды және оны көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы «жеке кабинетке» жібереді.

7. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4 немесе 5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша Шартты есепке алу жөніндегі мәліметтерді немесе Шарт бойынша құқықтарды басқаға беруді есепке алу жөніндегі мәліметтерді толтыру арқылы Шартты есепке қояды жүргізеді және 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін жібереді.

8. Уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты нысанында жазылған.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын sd@nitec.kz электрондық пошта бойынша бірыңғай қолдау қызметіне сұрау салуды жіберу арқылы хабардар етіп, мемлекеттік қызметтің атауы, өтініштің әкімшілік құжатының нөмірі мен коды немесе өтініштің бірегей сәйкестендіру нөмірі, әкімшілік құжаттың нөмірі мен коды бойынша ақпаратты міндетті түрде ұсынады немесе авторизациялау сәтінен бастап қателіктің дәл уақытын көрсете отырып, қате туындаған сәтке дейін қадамдық скриншоттармен бірге рұқсат беру құжатының бірегей сәйкестендіру нөмірін, көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірін/бизнес сәйкестендіру нөмірін береді.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Шағымдар көрсетілетін қызметті беруші немесе Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) басшысының атына

мынадай мекенжай : 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, электрондық пошта мекенжайы: miid@miid.gov.kz (8-7172) 98-35-08, 98-34-82 бойынша немесе Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің блогына («Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің блогы» парақшасына) беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті беруші немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымның көрсетілетін қызметті беруші немесе Министрліктің кеңсесінде қабылданғанын растау оның тіркелуі болып табылады (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркелген күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады).

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылып отырады (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Шағымда:

1) жеке тұлға – оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), пошталық мекенжайы көрсетіледі;

2) заңды тұлға – оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні.

Көрсетілетін қызметті беруші немесе Министрліктің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті беруші немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілетін қызметті беруші, Министрліктің, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайда он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

13. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

«Тұрғын үй құрылысына
үлестік қатысу туралы
шарттың есептік жазбасы
туралы үзінді беру»
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
1-қосымша

«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың есептік жазбасы туралы үзінді беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты		
1.	Көрсетілетін қызметті беруші	Мемлекеттік қызметті облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Үш жұмыс күні
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық түрде
5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың есептік жазбасы туралы үзінді беру.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7.	Жұмыс кестесі	<p>1) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, 9.00-ден 18.30-ге дейін түскі үзіліссіз сағат 13.00-ден 14.30-ге дейін.</p> <p>2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш пен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).</p>

8.	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шартқа(-тарға) өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу туралы шартты/қосымша келісімді талап ету құқықтарын басқаға беру туралы шартты есепке қою/шартты есептен шығару туралы өтініш;</p> <p>тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қорының тұрғын үй құрылысына кепілдік беруі туралы шарттың электрондық көшірмесі немесе жергілікті атқарушы органның үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру туралы шешімінің электрондық көшірмесі;</p> <p>Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың, Шартқа қосымша келісімнің (болған жағдайда) электрондық көшірмесі.</p> <p>Портал арқылы өтініш жасаған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, хабарлама жіберіледі.</p>
9.	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) ондағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс емес екенін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің «Жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттарды, сондай-ақ олар бойынша талап ету құқықтарын басқаға беру туралы шарттарды есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 30 қыркүйектегі № 434 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 14188 болып тіркелген) белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі және «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысудың бірыңғай ақпараттық жүйесін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 29 тамыздағы № 678 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 19313 болып тіркелген) белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызмет алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушы талап ететін қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы.</p>

10.	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы «жеке кабинет», сондай-ақ «1414», 8-800-080-7777 Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.</p>
-----	---	---

«Тұрғын үй құрылысына
үлестік қатысу туралы
шарттың есептік жазбасы
туралы үзінді беру»
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
2-қосымша

нысан

_____ әкімі
(жергілікті атқарушы органның атауы)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))
(бұдан әрі – Т.А.Ә)

_____ (заңды тұлғаның толық атауы,
_____ заңды тұлғаның атынан әрекет ететін
жеке тұлғаның Т.А.Ә.)

_____ (жеке тұлғаны куәландыратын

_____ құжат деректемелері

_____ байланыс телефоны, мекенжайы)

Шартты/шартқа(-тарға) өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу туралы қосымша келісімді/талап ету құқықтарын басқаға беру туралы шартты есепке қою/шартты есептен шығару туралы

ӨТІНІШ

Ұсынылған құжаттардың негізінде Сізді тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттарды есепке алу журналына жазба енгізіп, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шартты/шартқа өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу туралы қосымша келісімді/талап ету құқықтарын басқаға беру туралы шартты есепке алуды/шартты есептен шығаруды сұраймыз (қажеттісін таңдау).

Уәкілетті компанияның атауы

_____/_____/20__ ж. «__» _____
Қолы уәкілетті өкілдің Т.А.Ә.

«Тұрғын үй құрылысына
үлестік қатысу туралы
шарттың есептік жазбасы
туралы үзінді беру»
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
4-қосымша

Шарттарды/Шартқа өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу туралы қосымша келісімдерді есепке алу бойынша мәліметтер

Есепке алу №	Есепке алу күні	Қосымша келісімнің № және оны есепке алу күні	Мәліметтер (мемлекеттік тіркеу туралы куәлік және заңды/нақты мекенжайлар)		Құрылыс объектісі туралы мәліметтер (орналасқан жері, объектінің техникалық сипаттамасы)	Құрылысты бастау және аяқтау мерзімі туралы мәліметтер	
			құрылыс салушы туралы	уәкілетті компания туралы		басталуы	аяқталуы
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғысы

Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қорымен жасалған шарт/ Үлескердің ақшасын тартуға жергілікті атқарушы органның рұқсаты	Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың нөмірі және күні	Үлескер туралы мәліметтер (Т.А.Ә. (болған жағдайда) паспорт, жеке куәлік деректері)	Үлескердің үлесі туралы мәліметтер		Шарт бойынша құқықтарды басқаға беру туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәліметтер (нөмірі және күні)	Шартты бұзу/ есептен шығару (нөмірі, күні және негіздемесі)
			үй-жайдың түрі, үй-жайдың алаңы, пәтердің қабаты, нөмірі және т.б.)	үлестің құны		
9	10	11	12	13	14	15

